

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Технолгиялық карта

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120822/

Мелисова Гүлзара Романқызы

03.05.2019 ж.Жұма**Білім саласы:** Әлеумет**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Қоршаған ортамен таныстыру**Тақырыбы:** «Халықтар достығы»өлең. Е.Елубаев**Мақсаты:** Балаларды достыққа,татулыққа,бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу.

Баланың айналаны,өзін тануына,бағалауға,құрметтеуге,ренжітпеуге,досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу

Көрнекілігі: Суреттер.Шар

Әдіс-тәсілі: жылулық шеңбер,әңгімелесу, сұрақ -жауап,өлең оқу,мақал-мәтел, қорытынды

Билингвалды компонент: дос-друг

Қызмет түрі	Тәрбиеші қызметі	Балалардың қызметі
Ой қозғаушы іс-әрекеті	Жылулық шеңбері. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы Достығымыз жарасқан.	Бір-біріне қуаныш сыйлау

<p>Ізденуші ұйымдастырушы</p>	<p>Суретпен жұмыс: -Балалар,суреттен не көріп тұрсындар? -кәне,осы суретке қарап әңгіме құрастырайық. -ал сендер достық дегенді қалай түсінесіңдер? -Достық дегеніміз-екі адамның арасындағы сыйластық.Ендеше,балалар,бір-біріңе адал,қамқор,тату дос болу керек. Қазірге оқылатын әңгіме «Үш жолдас»деп аталады.Әңгіме желісін,мазмұнын айту. Сергіту сәті. Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкенін,жақсысын Досымызға сыйлайық. Сұрақ-жауап -Әңгімеде не жайында айтылған? -Шынайы дос қандай болуы керек? «Достық» туралы мақал-мәтел айту. 1.Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. 2.Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас. 3.Достық -татулық белгісі. Тәрбиеші мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіреді. -Жарайсындар,балалар сендер бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне өте жақсы қатыстындар.Сендерге,рахмет!</p>	<p>Балалардың жауабы</p> <p>Әңгімені тыңдайды</p> <p>Өлең мазмұнына сай қимылдар жасайды</p> <p>Дос туралы Адал,шыншыл</p> <p>Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды</p> <p>Балалар мұқият тыңдайды</p>
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>«Менің досым» ойыны.допты лақтырып,қағып алған баладан тәрбиеші достық туралы мақал-мәтел сұрайды.</p>	<p>Ойын ойналады</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Достық қатынасты бағалай білуді**Түсінеді:** Адал дос болуды,досты сыйлауды

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.